

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына
№1 қосымша

**Астана қ. әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт белгіленген ережелерді мүлтіксіз сактауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған Астана қ. әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) әкімшілік-басқару персоналы мен инженерлік-техникалық персоналдың әрекеттері мен шешімдерін айқындаиды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың маңыздылығы:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, құқықтық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- Кәсіпорын қызметінде жеке және занды тұлғалардың функцияларын жүзеге асыру және құқықтары мен занды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады;

- Кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты тиісінше орындаудан үшін Кәсіпорын қызметкерлері дербес жауапты болады.

Кәсіпорын қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мінез-құлқын ережелері.

1. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар өз қызметінде міндетті:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін ашуға белсенді қатысуға және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына дербес жауапты болуға;

- адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, занды тұлғалардың

өкілдерімен және әріптерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сактау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

- жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

- өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қогам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін кудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

- әріптерінен жоғары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сактауды қолдау және талап ету;

-кәсіпкерлік және табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда кез келген адамға көмек көрсету үшін Заңға қайшы келетін және серіктестік мұдделеріне қайшы келетін әрекеттерді жасамауға;

-жеке және занды тұлғалардың өз құқықтары мен занды мұдделерін жүзеге асыруын қыыннататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

-басқа адамдарды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеу;

-өз функцияларын және қызметтік міндеттерін орындағаны үшін сыйакыны, оның ішінде занды және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшаны, қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қабылдамауға;

-мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

- жеке және занды тұлғаларға «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» занды көзделген ақпараттан бас тартпау;

- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

-лауазымдық жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократия көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен біржактылық көріністеріне жол бермеу;

-Қоғамның құзыретіне жататын мәселелермен жүргінген адамдардың арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

-жеке мәселелерін шешу кезінде және т.б. үйымдардың, Кәсіпорын қызметкерлерінің және басқа да тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау

- зандылық қағидатын басшылыққа алуға, ҚР Конституциясының, Қазақстан Республикасының зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сактауға.

2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өзлауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыру;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылда, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашууда белсенділік таныту;

-белгілі болған сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жедел қараша немесе қағазбастылық үшін қандай да бір пайда алуға бейімділік туралы дереке басшылыққа хабарлау;

-әріптерге, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық бермеуге және мұліктік игіліктерді, женілдіктерді немесе артықшылықтарды

алу үшін ресми емес қызметтерді көрсетпеу;

-тікелей басшыға мұдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындаудағы жеке мұдделердің, сыйбайлас жемқорлық әрекеттерге бейімділігінің және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлауға;

-жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеуге, қызметтік міндеттерін орындауда олардың ықпалына тәуелсіз болу;

-орындауға қабылданған бұйрықтың заңдылығына күмәнданатындығы туралы тікелей басшыға дереу жазбаша хабарлау;

-жасалған немесе жасалатын сыйбайлас жемқорлық әрекеті туралы басшылыққа дереу баяндау;

-қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты белгілеу;

-мұдделер қақтығысын болдырмауға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жоюға шаралар қабылдауға;

-егер тікелей басшының өзі мұдделер қақтығысына қатысы болса, жоғары тұрган басшылыққа хабарлау;

-бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі белінбеуіне жол бермеу;

-өз қызметінің нәтижelerін бағалауда, сондай-ақ көтермелегенде мен жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілікті көрсету;

-қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

-өз қызметінің нәтижелерін бағалауда, сондай-ақ көтермелегенде мен жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілікті көрсету;

3. Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу сатысында азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын мұлтіксіз ескеру қажет;

- әзірленіп жатқан ішкі нормативтік құжаттардың жобалары нормативтік құқыктық актілерге қайши келмеуге тиіс;

- ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау барысында Кәсіпорынның және өзге де заңды тұлғалардың заңды мұдделерін бұзуға жол бермеу;

- ішкі нормативтік құжаттардың жобалары Кәсіпорын құзыретінен тыс болмауы тиіс;

- басқа құрылымдық бөлімшелердің мұдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардың әзірленген жобалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өтуі тиіс;

- ішкі нормативтік құжаттарда сыйбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау;

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мұдделері үшін нормалардың қабылдануына жол бермеу.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға

ұсынылады:

- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

-«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге

-сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

- сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

5. Кәсіпорын қызметі саласында туындастын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

-өтініштерді қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қараудағы қағазbastылыққа және жалған ақпарат беру фактілеріне жол бермеу;

-жеке мүліктік және мүліктік емес заттарды алу үшін қызметтік өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбау;

- дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

- туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қагидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

- нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

- қызметкерлермен не тәуелді адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;

- іскерлік этика кодексін сақтау;

- Кәсіпорын басшылығына және (немесе) құқық қорғау органдарына өздеріне белгілі болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабарлау;

- Қазақстан Республикасының Заңында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылыштар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

-Кәсіпорын қызметкерлерін қызметтік немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу;

-азаматтар мен занды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін сақтау мен қоргауды қамтамасыз етуге, олардың отініштерін Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қарауға және олар бойынша қажетті шарапалар қабылдау;

- Кәсіпорын басшыларының тапсырмаларын, лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтары мен өкімдерін орындау;

- Кәсіпорын қызметкерлерінің жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтерді жария етпеу.

- Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген шектеулерді

сақтау.

Кәсіпорын қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
